

"Атасуруда" ашық акционерлік қоғамының конкурстық массасын сатудың ерекше шарттары мен тәртібі туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2002 жылғы 7 қыркүйек N 986

"Атасуруда" ашық акционерлік қоғамының ауыр қаржы-экономикалық жағдайына байланысты, өндірістік қызметтің үздіксіздігін сақтау және қамтамасыз ету, "Батыс Қаражал" кенішінде жаңа горизонттың құрылысын салу, сондай-ақ Қарағанды облысы Қаражал қаласының әлеуметтік инфрақұрылымын қалпына келтіру мақсатында, "Банкроттық туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 21 қаңтардағы Z970067_Заңының 2-бабы 4-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының экономикасы үшін оның маңызды стратегиялық мәнін ескере отырып Қазақстан Республикасының Үкіметі

қ а у л ы е т е д і :

1. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі белгіленген тәртіппен "Атасуруда" ашық акционерлік қоғамын (бұдан әрі - Қоғам) оңалту рәсімін тоқтатуға және конкурстық іс жүргізуін ашуға бастамашылық жасасын.

2. Сот конкурстық іс жүргізуді ашу туралы шешім шығарған жағдайда мыналарды:

1) біртұтас лотпен негізгі тау-кен қайта өңдеу өндірісі түріндегі оның мүлкінің бір б ө л і г і н с а т у д ы ;

2) әкімшілік шығыстардың және бірінші, екінші және үшінші кезектердегі, сондай-ақ "Салық төлеушілерді салық есебіне аударым жасау тәсіліне көшіру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 20 маусымдағы N 1001 P971001_қаулысының 2-тармағына сәйкес салық органдары Қоғамға мерзімін ұзартуға рұқсат берген берешек сомасының шегерімімен төртінші кезектегі кредиторлар талаптарының сомасынан төмен емес біртұтас лотты сатудың ең төменгі бағасын;

3) Қоғамның өндірістік қызметін тоқтатпастан конкурстық істі жүргізуді;

4) заңнамаға сәйкес конкурстық іс жүргізу кезеңінде біртұтас лотқа енгізілген объектілерді сенімгерлік басқаруды, оның ішінде 1994 жылғы 30 қарашадағы МГ N 62 лицензия бойынша және 1997 жылғы 10 ақпандағы МГ N 10045 (жерасты сулары) лицензия бойынша жер қойнауын пайдалану құқығын белгілеу туралы "Испат - Қармет" ашық акционерлік қоғамының немесе оның аффилирленген тұлғасының ұсыныстарын конкурстық басқарушының қабылдауын көздейтін Қоғамның конкурстық массасын сатудың ерекше шарттары мен тәртібі белгіленсін.

3. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Жекешелендіру жөніндегі департаменті қол қойған 1997 жылғы 13 тамыздағы N 04/040-97 сатып алу-сату келісім-шартының талаптары біртұтас лотты сатып алушыға қолданылмайтындығы

н а з а р ғ а а л ы н с ы н .

4. Сатып алу-сату шартына енгізу жолымен біртұтас лотты сатып алушыға мынадай қосымша талаптар белгіленсін:

1) сатып алушының біртұтас лотты сатып алу-сату шартын жасасу сәтінен бастап одан кейінгі 12 күнтізбелік ай ішінде 500000 тоннадан кем емес руданы өндіруді қамтамасыз ету;

2) саны 1000 адамнан кем емес қызметкерлердің жұмыспен қамтылуын сатып алушының қамтамасыз етуі;

3) сатып алушының Қарағанды облысының әкімімен келісім бойынша конкурстық массаға енген Қарағанды облысы Қаражал қаласының әлеуметтік инфрақұрылымы объектілерінің тіршілік әрекетін қамтамасыз ету бойынша міндеттемелерді қабылдауы;

4) сатып алушының "Испат - Қармет" ашық акционерлік қоғамына немесе оның аффилирленген тұлғасына 2001 жылғы 1 маусымдағы сенімгерлік басқаруға арналған шартқа қол қойылған сәтінен бастап "Атасуруда" ашық акционерлік қоғамына салынған және Қоғамның оңалту әрі конкурстық іс жүргізуінің әкімшілік шығыстары сомасына заңнамаға сәйкес енген шығындарды өтеу

жөніндегі міндеттемелерді қабылдауы.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің бірінші орынбасары А.С.Павловқа жүктелсін.

6. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Мамандар:

Багарова Ж.А.,
Қасымбеков Б.А.